

## Жер салығының ставкаларын белгілеу туралы

### *Күші жойғал*

Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының 2009 жылғы 20 желтоқсандағы N 15-136 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Текелі қаласының Әділет басқармасында 2010 жылы 11 қаңтарда N 2-3-70 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының 2010 жылғы 03 желтоқсандағы N 26-196 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының 2010.12.03 N 26-196 Шешімімен**

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 381, 382, 386 баптарына сәйкес, Текелі қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Текелі қаласы және Рудник кенті бойынша 2010 жылға арналған жер салығының ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Текелі қалалық мәслихатының  
IV шақырылымындағы кезекті  
XVII сессиясының төрайымы Н. Сибирякова  
Текелі қалалық  
мәслихатының хатшысы Н. Калиновский*

Текелі қалалық мәслихатының  
"Жер салығының ставкаларын  
белгілеу туралы" 2009 жылғы  
20 желтоқсандағы  
N 15 - 136 шешіміне  
қосымша

## **Текелі қаласы және Рудник кенті бойынша 2010 жылға арналған жер салығының ставкалары**

*(теңгемен, алаңның бір шаршы метріне шаққанда)*

Рет N	Жерді пайдалану бағыты	Текелі қаласы	Рудник кенті
1	Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның іргесіндегі құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерді қоспағанда, елді мекендердің жерлеріне салынатын базалық салық ставкалары.	6,75	0,96

2	Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның іргесіндегі құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерлерге салынатын базалық салық ставкалары.	0,39	0,13
3	Үй іргесіндегі жер учаскелеріне салынатын базалық салық ставкалары, көлемі 1000 шаршы метрге дейін қоса алғанда.	0,20	0,20
4	Үй іргесіндегі жер учаскелеріне салынатын базалық салық ставкалары көлемі 1000 шаршы метрден асатын алаңға.	0,20	0,20
5	Автотұрақтар мен автомобильге май құю станциялары үшін бөлінген басқа санаттағы жерлер тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерлерді қоспағанда.	67,5	9,6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК